

Бұқар жыраудың көрегендігі

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 15 жыл толуына орай мына бір тарихи жайтты газет оқырмандарына айтуды жөн көрдім.

Қазақ халқының бірлігі мен елдігін сақтап қалу жолында Абылай секілді аса дарынды ханның бас кеңесшісі санатында ерен еңбек сіңірген қоғам қайраткері, парасатқа толы жыр-толғаулардың ақпа алыбы, ұлы ойшыл, халқының ортасында "көмекші әулие" атанған Бұқар жырау Қалқаманұлының патша өкіметі тарапынан қазақ даласына келе жатқан жаушылық пен оның бүкіл отаршылдық жүйесінің арты қазақ халқына зор күйзеліс әкелетінін кемеңгерлікпен болжап, кейінгі ұрпақты орыс ұлықтарынан мейлінше сақ болуға шақырған толғауы барын бүгінгі жастардың көпшілігі білмеуі мүмкін. Себебі бұл атақты толғау Кеңес өкіметі кезінде қазақ басылымдарында жарық көрмеді дегуге болады. Аталмыш толғау Құрбанғали Халидтың (1843-1913жж.) "Тауарих-и-хамса-и-шарқи" атты 1910 жылы Қазан қаласында кітап болып басылып шыққан еңбегінде алғаш рет толығымен жарияланды. Содан кейін бұл толғаудың 1970 жылы Алматыда жарық көрген "Алдаспан" антологиясында тек үзінді ғана берілді.

Біз сөз қылып отырған толғаудың шығуы турасында ел аузында қалған мынадай әңгіме бар.

Бірде хан жорықтан қайтып келе жатқанда жанындағы Бұқар жыраудан:

- Асан қайғының "қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар" деген сөзінің мәнін түсіне алмадым, бұл не деген сөз,- деп сұрайды. Сонда Бұқар жырау қырын қарап, көзіне жас алып, қолындағы қамшысын ердің басына іліп:

- Ай, ханым-ай! Бұл сөзді сен сұрамасың керек еді,- дейді де төмендегі жырды толғаиды. Бұл толғауды "қилы заман" деп атауымызға әбден болады.

Қилы заман

Ханға жауап айтпасам,
Ханның көңілі қайтады.
Қандыра жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады.
Хан Абылай, Абылай,
Қайғылы мұндай хабарды,
Сұрамасаң нетеді,
Сұраған соң айтпасам,

Кісілігім кетеді.

Енді айтайын тыңдасаң,

Маған қағар қылмасан,

Қарағай судан қашып,

Шөлге біткен бір дарақ, (1)

Шортан шөлге шыдамсыз,

Балықтан шыққан бір қарақ, (2)

Ойлама шортан ұшпас деп,

Қарағайға шықпас деп,

Күн батыстан бір дұшпан, (3)

Ақыры шығар со тұстан,

Өзі сары, көзі көк,

Бастығының аты бол, (4)

Күн шығысқа қарайды,

Шашын алмай тарайды,

Құдайды білмес, діні жоқ,

Жамандықта міні жоқ,

Осы сынды бір көпір,

Аузы-басы жүн көпір,

Жаяулап келер жұртыңа,

Жағалы шөптен кигізіп,

Балды май жағар мұртыңа,

Жемірлерге (5) жем беріп,

Азды көпке теңгеріп,

Ел қамын айтқан жақсыны,

Сөйлетпей ұрар ұртыңа,

Бауыздамай ішер қаныңды,

Өлтірмей алар жаныңды,

Қағазға жазар малыңды,

Есепке алар барыңды,

Елді алар қолыңнан,

Әскер қылар ұлыңнан,

Тексізді төрге шығарып,

Басыңа ол күн туғанда,

Теңдік тимес құлыңнан,

Бұл айтқан сөз, Абылай,

Болмай қалмас артыңнан,

Есітпес мынау қартыңнан!

Бұқар жырау осылай деп сөзін аяқтағанда Абылай хан "бекер сұраған екенмін" дегендей аң ұрып қалған жағдайда болған деседі.

1) Дарақ- ағаш, терек.

2) Қарақ- ашкөз, тойымсыз, мешкей.

3) Бір дұшпан- орыс отаршылдары.

4) Боп- поп (дін қызметкері)

5) Жемірлер- матадан жасалған заттарды шайнап, жеп қоятын малдар.

Бұқар жырау осы толғауымен келешекте қазақ халқының басында - бостандық, ерінде-ерік, елінде-егемендік, зиялы қауымында- ашық пікір, мемлекетінде- тәуелсіздік болмайтынын Абылай ханға болашақ ащы шындықты айта отырып, барша халқына да ескерту жасайды.

Серік Жақсыбаев, Екібастұз қаласының құрметті азаматы